

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ЖАҢАРУ БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа Жолдауы шын мәніндегі Жаңа Қазақстанның жарқын болашағының алғы шарттары белгіленген, бүкіл қоғамның жаңаруының бастауы іспетті әсер етті.

Отыз жыл ішінде өзіне тиесілі міндеттерін атқарып болған елдің қоғамдық, саяси құрылымын заман талабына сай жаңарту қажеттігінен туған тарихи бастамаларға, соны пікірлер мен халық көңілінен шығатын көкейкесті ойлар негізіндегі жаңалықтарға толы, әсерлі де нақты шараларды іске асыруды мақсат еткен тарихи құжат болды.

Ел өмірінің барлық саласын қамти отырып, халқымыздың келер күнін бүгінімізден әлдеқайда жарқын еткенін әлеуметтік-мәдени, саяси ірі өзгерістердің кезек күттірмейтіндігінен туындаған жаңартулар туралы ойлар бүкіл елімізге жаңа серпін, жаңа құлшыныс тудыратыны сөзсіз.

Әсіресе, ел басқару ісіндегі, сайлау жүйесіндегі, орнығып қалған келеңсіздіктер мен жаппай індетке айналған жемқорлық билік пен халық арасын алшақтатып, ел ішіндегі түрлі наразылық пен ертеңге деген сенімсіздікті туғызғаны ақиқат еді. Бүгінгі жолдаудағы белгіленген нақты әрекетке бағытталған шаралар осы сенімсіздіктен арылтып,

келер күнге, кемел болашаққа деген үміт отын қайыра тұтатты.

Әсіресе, ел басындағы, тізгін ұстаған билік өкілдерінің, Президенттен бастап, партиядан бас тартуы, билік пен саяси қызметке жақындары мен отбасы мүшелерін араластырмауы туралы қағидалар, Парламент мен мәслихаттар құрамы мен қызметі туралы жаңа тәртіптемелер шын мәніндегі демократиялық дамуды қамтамасыз ететін шаралар.

Сол сияқты, халықтың сұраныс-талаптарына орай Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын ашу туралы бастамалар халыққа «сүйіншілеп» келген жаңалық десе болғандай.

Халықтың көкейіндегі арман-мүддеге негізделген Президент жолдауын тыңдаған әрбір ел азаматының жүрегін қуанышқа бөлеп, жан дүниесін тебірен-тердей тарихи оқиға болды.

**Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ,
ардагер,
қоғамдық пікір
көшбасшысы.**